

"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 сәуірдегі N 397 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 18 қазандағы N 965 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 18 қазандағы N 965 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекет басшысының 2005 жылғы 18 ақпандағы "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспары туралы" 2005 жылғы 4 наурыздағы N 528 өкімін іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған тұжырымдамасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі осы қаулы қабылданған сәттен бастап бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгіленген тәртіппен келісілген көрсетілген Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын енгізсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 28 сәуірдегі
N 397 қаулысымен
мақұлданған

**"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры"
акционерлік қоғамын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған
тұжырымдамасы**

Кіріспе

Мемлекет басшысының "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан халқына

Жолдауын іске асыру мақсатында және басым міндеттері экономиканы диверсификациялау мен шағын бизнесті дамыту жөнінде жеделдетілген шараларды іске асыру болып белгіленген экономиканы дамытудың қазіргі заманғы талаптары тұрғысында "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қор) рөлі мен мәні өсуде. Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі өз қызметін жүзеге асыра отырып, Қор 1997 жылдан бастап белгілі бір тәжірибе және әлеует жинақтады. Бұл Қорға, макроэкономикалық үрдістерді де, республикадағы кәсіпкерліктің даму деңгейін де ескере отырып, өз қызметінің басымдықты бағыттарын әзірлеуге мүмкіндік береді, бұл ретте экономиканың осы саласын дамытуды қолдаудың әлемдік тәжірибесі пайдаланылады.

Қор өз қызметінің негізгі бағыттарын қалыптастыру кезінде, олардың бизнестің жетілу дәрежесіне байланысты біріктіре отырып, шағын бизнес аясын мақсат топтар бойынша сегменттейді. Қор дамытып отырған оқыту, ақпараттық қолдау, консалтинг және қаржылық-кредиттік қолдау жөніндегі қызметтерді (микрокредит беру, жобалық қаржыландыру шарттарында кредит беру, қаржы лизингі, кредиттерді кепілдендіру) қамтитын өнімдік тізбе әртүрлі мақсатты топтардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл кәсіпкерлік бастаманың "өсу нүктелерін" анықтауға және қолдауға бағытталған және Қорға бөлінетін бюджеттік қаражатты ұтымды пайдалануды қамтамасыз е т у і т и і с .

2002 жылдан бастап Қор жеңілдікті кредиттік ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында республиканың барлық өңірлерінде филиалдық желілер құру арқылы кәсіпкерлерге кредит беруді жүзеге асыруды бастады. Нәтижесінде 2005 жылғы 1 наурыздағы жай-күй бойынша Қор 7497,1 млн.теңге сомадағы 884 жобаны тікелей қолдады, оның 4915,3 млн. теңге сомадағы 574 жобасы өңірлік филиалдар арқылы. Салалық құрылым: өнеркәсіп - 39,5 %, ауыл шаруашылығы - 21%, құрылыс материалдары өндірісін қоса алғанда, құрылыс - 11,3 %, қызметтер саласы - 28,2 %.

2005 жылғы 1 қаңтарға Қордың несие портфелі 12639,8 млн. теңгені құрады және берілетін кредиттер көздері тұрғысында мынадай түрде берілді:

1. ЕБРР-ның кредиттік желісі - 5590,7 млн. тг. Қарыз алушыларға қойылатын шарттар: пайыздық ставканы екінші деңгейдегі банктер белгілейді және бір жылға 27 - 30 % - ды құрайды.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 22 мамырдағы N 555 қаулысына сәйкес бөлінген республикалық бюджеттің қаражаты - 300 млн.тг. Қарыз алушыларға қойылатын шарттар: түпкілікті қарыз алушы үшін бір жылға 12%, оның 7%-ы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және 5%-ы - Қ о р д ы ң с ы й а қ ы л а р ы .

3. Шағын қалаларды дамыту бағдарламасы - 730,3 млн.тг. Қарыз алушыларға қойылатын шарттар: түпкілікті қарыз алушыға бір жылға 7%.

4. Қордың меншікті қаражаты - 6059,7 млн. тг. Қарыз алушыларға қойылатын шарттар: түпкілікті қарыз алушы үшін бір жылға 10%.

Осы Тұжырымдаманың мақсаты қажеттілікті қалыптастыратын, өздерінің кәсіпкерлік әлеуеті мен бастаманы іске асыруды қалайтын халықтың әртүрлі жіктерінің мүдделері мен мүмкіндіктеріне жауап беретін "тауарлар мен қызметтер" ұсынылуы тиіс "қаржылық супермаркет" қағидаты бойынша Қор қызметін қалыптастыру болып табылады. Қор шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың жүйе құратын элементі ретінде қызметтің мынадай бағыттарын кеңейтетін және күшейтетін болады:

шағын кәсіпкерлікті қаржылық-кредиттік қолдау;
кәсіпкерлікті оқу-әдістемелік, ақпараттық-талдамалық және консалтингтік қолдау.

I. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін қаржылық-кредиттік қолдау

Мақсаты мен міндеттері.

Қордың шағын кәсіпкерлік субъектілерін қаржылық қолдау жөніндегі қызметінің негізгі мақсаты қаржы қызметтерінің әралуан түрлерін ұсыну және олардың қол жетімділігін қамтамасыз ету

Ағымдағы жай - күй

1. Микроқаржылық секторды дамытудың республикадағы қаржылық жүйесінің үшінші деңгейі ретіндегі қазіргі заманғы жай-күйі халықтың қалың жігінің кәсіпкерлік бастамасын және қоғамда бизнес-климат құруды қаржылық қолдау талаптары мен міндеттеріне жауап бермейді.

2. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің бәсекеге қабілетті тауарлар мен қызметтерді шығару бойынша жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту және жаңа бизнес құру үшін қаржылық ресурстарға қажеттіліктері өндірістік мақсаттағы жылжымайтын мүлікке, жерге, жабдыққа және материалдарға бағалардың өсуімен байланысты қалыптасқан объективті жағдаймен шектеледі.

Ағымдағы жағдай қазіргі уақытта Қор беретін қаржылық қызметтерді кеңейтуді және жетілдіруді талап етеді.

Негізгі шаралар.

Микрокредит беру жүйесін дамыту мақсатында мыналар болжамдалады: микрокредиттік ұйымдардың желілерін құру және оларды ресурстық қолдау; микрокредиттік ұйымдардың қызметіне мониторингті, микроқаржыландырудың әдіснамасы мен стандарттарын әзірлеуді және енгізуді

камтамасыз ететін Қордың микрокредит беру орталығын құру және қ а л ы п т а с т ы р у ;

кәсіпкерлікті оқу-әдістемелік қолдаудың басым бағыты ретінде микрокредит беру процесіне қатысушыларды оқытуды ұйымдастыру.

Кепілдендіруді дамыту мақсатында мыналар болжамдалады: екінші деңгейдегі банктермен республикалық және өңірлік деңгейдегі ынтымақтастық туралы бас келісімдер жасасу;

шағын кәсіпкерлік субъектілеріне олар екінші деңгейдегі банктерден кредиттер алған кезде жоба құнының 50-ден 80 процентке дейінін жабатын к е п і л д і к т е р б е р у ;

жобалық қаржыландыруды дамыту мақсатында мыналар болжамдалады: оралмандар, жастар, зейнеткерлік жастағы ықтимал кәсіпкерлер, кәсіпшілер, мүгедектер үшін арнайы кредиттік желілер ашу;

кейіннен кәсіпкер шығындарының 50 пайызын өтей отырып, менеджмент сапасының халықаралық стандарттарын енгізуге кредит беру;

франчайзингтік операцияларға кредит беру;

шағын бизнесті қолдау инфрақұрылымдарына қатысушыларға кредит беру;

шағын бизнес кәсіпорындарын Қордың қарызға алған қаражатының есебінен кезең-кезеңмен капиталдандыру үшін кредиттік желі ашу.

Қаржы лизингін дамыту мақсатында шағын кәсіпорындардың негізгі қорларын жаңалауды және қайта жаңалауды көздейтін жобаларды қаржыландыру көлемдерін кеңейту болжанып отыр.

2. Кәсіпкерлікті оқу-әдістемелік, ақпараттық-талдамалық және консалтингтік қолдау

М а қ с а т ы м е н м і н д е т т е р і .

Қызметтің осы бағытының мақсаты шағын кәсіпкерлік субъектілері білімдерінің қаржылық-кредиттік саясат саласындағы деңгейін ақпараттық қолдаудың, сапалы оқыту мен консалтингтің кешендік жүйесін қалыптастыру арқылы көтеру болып табылады. Осы мақсатты іске асыру үшін Қор мынадай м і н д е т т е р д і ш е ш е т і н б о л а д ы :

кәсіпкерлікті насихаттау және халықты бизнеске тарту; шағын кәсіпкерлік субъектілерінің, олардың қоғамдық бірлестіктерінің және мемлекеттік органдардың өзара тиімді іс әрекетін қамтамасыз ету;

Қор филиалдарының жанынан шағын кәсіпкерлікті қолдаудың өңірлік орталықтарын құрудың мақсаты - барлық мүдделі және қатысты құрылымдардың күшін кәсіпкерлерге қызметтерді ұсыну процесіне жұмылдыру үшін жаңа ақпараттық және консультациялық технологияларды дамыту.

Ағымдағы жай - күй .

Ағымдағы жай-күйді талдау кәсіпкерлер білімдерінің деңгейі өз бизнесін тиімді ұйымдастырудың талаптарына сәйкес келмейтінін көрсетті. Кәсіпкерлерді оқытуды басқару жүйе ретінде қалыптасқан жоқ, оқыту бағдарламалары кәсіпкерлердің қажеттілігіне емес, қолда бар оқытушылық құрамның мүмкіндіктеріне бағдарланған.

Қор шағын бизнестің қаржылық супермаркеті ретінде "оқыту - консалтинг - кредит беру - мониторинг" қағидаты бойынша оқыту жүйесін қалыптастырады .

Негізгі шаралар .

Көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай шараларды қабылдау қажет:

кәсіпкерлікті дамытуды ұдайы талдау, оның ішінде кәсіпкерліктің проблемалық мәселелерін шешуге бағытталған зерттеулерді жүргізу;
бірыңғай веб-сайт құру арқылы кәсіпкерлікті қолдаудың ақпараттық базасын, оның ішінде қашықтық консалтингін және қашықтықтан оқытуды дамыту;
кәсіпкерлік инфрақұрылымының субъектілерімен белсенді өзара іс-қимыл саясатын жүргізу ;

Қор базасында оқыту-талдамалық орталықтың жұмысын ұйымдастыру;
олар арқылы шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін ақпараттық-консалтингтік қызметтер рыногы қалыптасатын (бастапқы кезде - мемлекеттік тапсырыс есебінен) жеке институттарды қолдау (оқыту және консалтингтік фирмалар және т . б .) ;

Қор ұсынатын қаржылық қызметтердің барлық спектрі бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілерін консалтингтік қолдау (Қордың өңірлік филиалдарының жанынан құрылатын Кәсіпкерлікті қолдау орталықтары арқылы);

шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту мәселелері жөніндегі мерзімді басылымдарды шығаруды қамтамасыз ету.

Шағын кәсіпкерліктің оқыту мен консалтингінің мынадай бағыттарын дамыту ұсынылады :

жобалық қаржыландыру және оқу орталықтары үшін бизнес-жоспарлар әзірлеу жөніндегі жаттықтырушыларды және оқыту компанияларын, яғни шағын бизнес инфрақұрылымының өкілдерін оқыту;

микрокредит беру ұйымдары қызметкерлерінің тренингтерін және бастапқы бизнесті құру жөніндегі мамандандырылған курс арқылы алғаш бастаған кәсіпкерлерді оқытуды өзіне қамтитын микрокредит беруді оқытудың әдіснамасын әзірлеу ;

қашықтық консалтингі және шағын кәсіпкерлік субъектілерін Қордың веб-сайтын дамыту арқылы қашықтықтан оқыту;

Қор мамандарының ұдайы консультация беруі және мониторингі арқылы

консалтинг және әрекет ететін кәсіпкерлерді жобаның бизнес-жоспарын дәйекті іске асыруды көздейтін бизнесті жобалық басқару әдістеріне оқыту.

Тұжырымдаманы іске асырудан күтілетін нәтижелер.

Тұжырымдаманың іс-шараларын орындау шеңберінде Қор ұсынатын қаржылық қызметтердің спектры кеңейтілетін және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мынадай қызметтер көрсетілетін болады: жобалық кредит беру; микрокредит беру; қаржы лизингі; банктермен бірлесіп қаржыландыру; франчайзингтік операцияларға кредит беру; кредиттерге кепілдік беру; халықаралық сапа стандарттарын енгізу шығындарының 50%-ын өтеу; оқыту және консалтинг; шағын бизнесті дамытуды ақпараттық қолдау.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК